

**«8D02307- Қазақ филоготиясы» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қалиақтар Данара Қылышбекқызының «Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық рухани түсініктері» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШҚІРІ**

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына сәйкес. Нақтырақ айтқанда бұл диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың «ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» (2019 ж. №98 қаулы), 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.1. Ұлы есімдер мен ұлы дәуірлер: әл-Фараби, Абай және Алтын Орда мұрасы бағыттарына сәйкес келеді. 1) «8D02307- Қазақ филоготиясы» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. 2) Диссертация тақырыбы «Ұлы есімдер мен ұлы дәуірлер: әл-Фараби, Абай және Алтын Орда мұрасы» атты бағдарламаға сәйкес орындалған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдылығына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	<b>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</b>	Қазақ халқының бас ақыны Абай Құнанбайұлының бізге жеткен шығармалары тілдік филоготиялық құндылық аясында, мәдениет пен тіл, әдеби сабақтастығы ғылыми зерттеліп, осы айтылғандар жеке дара ежелгі түркілік, жашылпама түрде шытыс мәдениетінде кезісетін мифтік образдар ұлттық танымдық тұрғысынан талқыға түскен. Бұл жұмыс – Абай шығармаларындағы мифтік сарындрды филоготиялық тұрғыдан зерттелген алғашқы еңбек. Бұл еңбекте хакім Абайдың ақындық тұлғасының қалыптасуына қазақ халқының ұлттық төл мәдениеті мен өзге шығыс халықтарының мәдениеті тоғысындағы рухани-ұлттық болмыс антропоцентристік бағдарға талдауға түскен. Сондай-ақ Абай

		<p>Құнанбайұлының шығармаларындағы мифометафоралар, кейіптеулер, мифтік құбылтушылық ерекшелігі нақты мысалдар келтірумен айқындалған. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосыл, маңыздылығы артады.</p>
<p>3. Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жазған диссертациясы, жарияланған ғылыми мақалаларындағы сөз саптауы, ғылыми жұмыс жазу талаптарын сақтау деңгейі және өзіндік баяндау стилі бірзділдікті аңғартады. Осыған орай бұл ғылыми зерттеу жұмыс – бір қолдан шыққан, біртұтас жұмыс. Отандық және шетелдік ғалымдардың ой-тұжырымдарына пайдаланған әдебиеттерге қажетіне орай сілтеме жасағандығы байқалады.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жарқтылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Хакім Абай шығармалары қазақ халқының, оның тілі мен әдебиетінің негізгі қорын құрайды. Абай өлеңдері, поэмалары мен кара сөздеріндегі философиялық, шығыстық әрі түркілік жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер, әеселер ұлттық ой-сананың қалыптасуында өзіндік маңызға ие. Абай шығармаларында мифтік сарындардың қолдануы, оның ұлттық әдебиетке қосқан үлесі, жалпылама алғанда қазақ халқының рухани болмысына ықпалын айқындау – зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жарқтылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны «Абай шығармаларындағы мифологияның құйнар көздері», «Абай өлеңдеріндегі мифтік таным мен түсініктердің ұлттық-рухани болмысы», «Абай шығармаларындағы миф поэтикасы» деп аталатын өзара тығыз байланысты үш тараудан тұрады. Зерттеу жұмысының негізгі тараулары және тарауға қатысты бөлімдерінде қарастырылатын тақырыптар біртұтастықты құрайды. Диссертация жұмысында жооспарға сай қаралатын негізгі ойды ашып, белгілі бір ғылыми нәтиже қорытыға мүмкіндік береді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жарқтылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертация жұмысында мақсаттар мен міндеттер айқын әрі дұрыс қойылған. Жұмыс барысында қолданылған әдістемелер мен әр бөлімнен алынған қорытындылар мен тұжырымдар бір-бірімен үйлесім табады. Диссертант Абай өлеңдерін философиялық, мифологиялық және психологиялық тұрғыдан зерттеудің алғы шарттары ретінде қоя отырып, Хакім Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық-рухани болмысқа ықпал еткен тілдік, әдеби көркемдік ерекшеліктерін айқындауды мақсат ете отырып нақты міндеттерді қоя білген. Нақтырақ айтар болсақ, фольклордағы және әдебиеттегі мифологияның сипатын айқындау, қазақ әдебиетіндегі мифология көрністерінің көркемдік құатын пайымдау, Абай шығармашылығындағы мифологиялық</p>

		сарындардың рухани кайнар көзі мен бастау арналарын ашу, Абай өлеңдеріндегі астарлы мәнде берілген мифологиялық бейнелерді қарастыру және оларға жүйелі талдау жасау, Абай өлеңдеріндегі мифтік сарындардың ұлттық көркем мифологияға айналып, көркемдік-бейнелілік тұрғысында қызмет етуін көрсету, сондай-ақ мифологиялық ойлауға тән анимистік сенімнің кейіптеу, психологиялық егіздеу, метафората негіз болғанына Абай шығармаларынан мысалдар келтіріп, тұжырым жасау деген сияқты міндеттерді қою арқылы ғылыми нәтижеге қол жеткізген.
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толық байланысқан;</b></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың алғашқы тарауында «Абай өлеңдерін философиялық, мифологиялық және психологиялық тұрғыдан зерттеудің алғы шарттары», «Абайға өсер еткен түркілік және шығыстық мифологиялық сарындар» атты тақырыптарда мифология түсінігіне, тарихи жәд, түркілік һәм шығыстық мифологияның бастаулары сөз болса, екінші тарауда «Абай өлеңдеріндегі мифтік анимизм және кейіптеудің көркем бейнеленуі», «Мифтердің Абай шығармаларындағы мифологиялық көркемдік ерекшеліктері» атты тақырыпшыларда мифтік сарындар мен танымдар қазақ халқының рухани мұрасымен астаып, тарихымен тамырласып, дәстүрлі наным-сенімдерімен және фольклорлық жырлар мен аңыз-әңгімелер бір-бірімен тығыз байланыста өзара сабақтасып жатқандығы зерделеді. Ал, үшінші тарауда «Абай шығармаларындағы мифтік құбылушылық пен мифтік синергетиканың көркем үйлесімі», «Абай поэмаларындағы шығыстық мифологияның ортақ сипаты мен үлгілері» деп аталатын тараушыларда диссертация тақырыбына қатысты мәселелерді теориялық тұрғыдан қарастырып, Абай шығармашылығында мифтік сарындардың табиғатын айқындау арқылы, философиялық пайым-парасаттарының көп қабатты астарлы қырларын ғылыми негізде талдап, өзіндік тұжырымдар жасаған.</p> <p>Түйіндеп айтқанда диссертациялық жұмыстың құрылымы негізгі тақырыпты барынша ашуға бағытталған тақырыптар құрап тұрғандықтан ой-тұжырымдар да өзара сабақтасып, бірін-бірі толықтырып, үйлесімділік тапқан. Осы айтылғандарды алға тарта отырып, ғылыми диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алынған нәтижелері өзара үндесіп, бір-бірінен туындап тұр.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b></p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, бұрыннан белгіші шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушілінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетілген.</p> <p>Бұл диссертациялық жұмыста Абай шығармалары әлеби, тілдік мифологиялық құндылық аясында, мәдениет пен тіл сабақтастығында</p>

		2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сиптемегеріне негізделген	толықтырылды зерттеліп, осыған байланысты ежелгі түркілік, шығыс мәдениетінде кездесетін мифтік образдар ұлттық танымдық тұрғыда талданған. Хакім Абайдың поэтикалық ойлау жүйесінің ерекшелігі индивидуалды дүние бейнесін айшықтайтын мифтік сарындағы метафоралардың белсенді қызметі дәйектелген. Сондай-ақ Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың дискурсы арқылы тағы бір қырынан зерделенген. Әрбір тұжырым, сыни талдауға түсіп, ұсынылған уәждемелер нақты мысалдар арқылы талданып, дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның ғылыми қорытындылары толығымен жаңа. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған ғылыми талдауларға негізделіп ұсынылған. Абай шығармаларындағы философиялық түсініктердің, атаулық тұлғалардың мифтік мәндігі шығу тегін айқындау және оның рухани-ұлттық болмысын зерттеп мақсатына сәйкес антропоцентристік бағдарда алғаш рет дәлелді түрде сардаланған. Диссертация қоғамдық-гуманитарлық бағытта орындалғанына орай техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару саласымен жанаспайды. Бірақ автордың алға қойған мақсаты өзгеше орындауына байланысты тәсілдік жағынан «толығымен жаңа» деп санауға келеді.
6.	Негізгі қорытындыларды негізділігі	<b>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген / негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</b>	Диссертациялық жұмыстың әр тарауының соңында жасалған ғылыми тұжырымдар негізінде қорытынды жасалған. Осы тараулар соңында берілген қорытынды тұжырымдар негізінде жалпы қорытынды берілген. Талдау, деректерді сарптау кезінде қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың зерттеу әдістері мен олардың тұрақтаған белгілі теориялық пайымдары қажеттіне қарай пайдаланыла отырып, негізгі қорытындылар нақты түрде дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) <b>дәлелденді;</b>	1. Мифтің шығу тегі мен мифтік мотивтер ежелгі тарихи қазақ мәдениетімен байланысады, салыстырмалы негізде жан-жақты зерделенген; 2. Әдеби процесітегі мифтік образдар, мифтік мотивтер және

	<p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиялды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жана ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>архетиптердің Абай шығармаларында қолданылу ортақтығы мен даралығы көрсетілген; 3. Абай шығармаларында кездесетін мифология үрдісінің ежелгі түркі тектік тілдік байланыс ұқсастықтары мен айырмашылықтары талдау барысында сараланған; 4. Талдау жасаудың жана ғылыми әдістері (психоаналитикалық және когнитивтік әдебиеттану т.б.) қолданылып, хакім Абай шығармаларындағы неомифология үрдісіндегі ғылыми негіздері айқындалған; 5. Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы мифтік сарындардың шығу тегі жанрлық тұрғыдан парадигмалық ерекшеліктері анықталған; 6. Абай шығармаларындағы мифтік-танымдық, архетиптік, мифологиялық және мифемалық формаларды еркін қолдану барысындағы авторлық шеберлігі айқындалған. 7. Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың түркі халықтарына белгілі болған миф синтезіне зерттеу жасалған. 8. Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы мифтік сарындардың қазақ ұлттық рухани танымдарының рөлін тереңірек түсіну – бұл қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуде маңызды бағыт болып, синтездік талдау мен саралауды талап етеді. Бұл зерттеу жұмысы жалғылма алғанда қазақ халқының мәдени мұрасын жеке дара алғанда Абай мұрасын терең түсінуге әрі оны жоғары бағалауға үлес қосады деп күтілуде.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалану отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Әдістер мен әдістемелік тәсілдерді таңдау негізделген. Әдістеме толығымен сипатталған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы әдебиеттану, филология, лингвистика, лексикология, этимология салаларындағы іргелі зерттеу еңбектеріне сүйенеді. Жұмыстың ғылыми-теориялық негізі ретінде мифология мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер негізі басшылыққа алынып жазылған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері зерттеу жұмысы барысында филологиялық, типологиялық, танымдық талдау, тарихи-мәдени контексті зерттеу, салыстырмалы-талдамалық әдіс және мәтіндік талдау сияқты әртүрлі ғылыми әдістер қолданылған. Зерттеу мәселесіне байланысты философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдебиеттанудағы ғылыми еңбектерге негіз болған салыстырмалы-салғастырмалы талдаудың көмегімен қазақ және әлем әдебиетіндегі, Абай шығармаларындағы миф пен фольклор жанрларында көрініс беретін мифологиялық элементтердің сипаты айқындалған. Абай шығармаларындағы көркем мәтіндегі архетип, мифология, мифем және мифологиялық параллельдерді саралау кезінде мозаикалық, генетикалық, образ үйлестірушілік,</p>

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәріау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>құрылымдық әдіснамаларымен бірге, психоналитикалық және когнитивтік әдебиеттанушылық әдістері де қолданылған.</p>
	<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <b>сілтемелермен расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Барлық манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен толығымен расталған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі <b>әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</b></p>	<p>Диссертация авторы зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерге жеткілікті шолу жасаған, барлығы 118 дереккөз пайдаланылған.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық манызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық манызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) <b>жартылай жана</b> (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Мифологияның поэтикасына, оның шығу тегі мен құрылымына, қызметтік жүйеленуіне, психоаналитикалық сараптауға қатысты әр кезінде сөз қозғаған, сонымен бірге мифтік образдар мен сарындарға когнитивтік талдауға арналған еңбектер жазған авторларға әдебиет, миф және фольклорды тығыз бірікте алып зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері диссертация тақырыбына арқау бола отырып жазылған.</p> <p>Зерттеу жұмысының нәтижелерін қазақ филологиясы, әдебиет теориясы бағытында ғана емес, мәдениеттану, философия, әлеуметтану, тарих пәндерінде арнайы курстар мен семинарларда оқу материалы ретінде қолдануға болады. Сондай-ақ оқу құралы, оқулық ретінде, жоғары оқу орнында «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифология», «Фольклор және әдебиет» сынды қосымша пән ретінде оқытуға қолданыла алады.</p> <p>Практикалық ұсыныстар жартылай жана болып табылады.</p>

10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазудың сапасы жоғары деңгейде орындалған, мәтін жалпыға түсінікті тілде жазылған. Жұмыс диссертация талаптарына сәйкес орындалған, нақты құрылымдалған, әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.
-------------------------------	--	--

Қазақтар Данара Қылышбекқызының «Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық рухани түсініктері» тақырыбындағы диссертация жұмысына 8D02307 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайықты деген пікір білдіремін.

Ресми рецензент:  
 Нұр-Мұбарак Егинет ислам мәдениеті университеті,  
 Шығыстану мамандығы бойынша филология ғылымдарының  
 PhD докторы, доцент



Палтөре Ықтияр Молдатөреұлы